



№ 211

15. 01. 2019 ж.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050043, Алматы қ-сы, Торайғыров к-сі, 27-308
Address: Republic of Kazakhstan, 050043, city Almaty, Toraigyrov str., 27-308. zhanashyr@mail.ru
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қ-сы, Абай даңғылы, 143-403. Тел: 77273036806
Fakt. Address: Republic of Kazakhstan, 050009, city Almaty, Abai street, 143-403. www.janashyr.kz
Реквизиты: БИН: 970540002594, ИИК: KZ058851000070063100 в АО "ДБ" КЗИ БАНК" БИК: KZIBKZKA

Кімге:
«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен:
«Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры» қоғамдық
қорынан

Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін
гранттар конкурсына қатысуға сұраныс*

Осы сұранысты бере отырып «Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу бағыты бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету жөніндегі ғылыми-ағартушылық жобаны әзірлеуге және іске асыруға ҮЕҰ, сараптамалық қауымдастықты тарту" атты грант тақырыбы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына (ары қарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы Өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Президент

Жаңыл Амантайқызы Әпетова

Толтырған күні "15" қаңтар 2019 жыл

Өтініш берушінің сауалнамасы

№ п/п	Атауы	Ақпарат (сұраныс беруші толтырады)
1.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы	«Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры
2.	Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу)	1997 жылы 30 мамырда ҚР Әділет министрлігінде тіркеліп, № 2636-1900-ҚҚ Куәлігі берілген
3.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	БСН 970540002594
4.	Нақты мекенжайы	050062, Алматы қ., Сайран ш.а. 6-58 тел/факс 8 727 2499590, 8 727 9738533, 3036806 эл. адрес: zhanashyr@mail.ru
5.	Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат	Зиялы қауым, сараптамалық қауымдастық Қазақстанда тұрып жатқан этностар өкілдері
6.	Бірінші басшының (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері мен электронды мекенжайы	Президент Апетова Жаныл Амантаевна, телефон: 8 707 249 1016 Апетова_@mail.ru
7.	Бас есепшінің (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері (ұялы телефон нөмірімен қоса), электронды мекенжайы	Рапилов Жанат Саматұлы 7 (702) 249 1016 @mail.ru
8.	Еңбек ресурсы барлығы: Оның ішінде:	24
9.	Штаттағы қызметкерлер	10
10.	Шақырылған мамандар	4
11.	Волонтерлер	10

Президент

Жаңыл Амантайқызы Әпетова

Толтырған күні "15" қаңтар 2019 жыл

«Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры

Әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның атауы: **«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету жөніндегі ғылыми-ағартушылық жобаны әзірлеуге және іске асыруға ҮЕҰ, сараптамалық қауымдастықты тарту**

1. Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ұйымның жарғғылық қызметіне сәйкестігінің негіздемесі.

«Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры жарғысының 2-ші бабы Қор қызметінің мақсаты мен міндеттері, нысанасы 2.2 – тармақшасы:

* мәдени қазынаны сақтау, қалпына келтіру, бағалау және сараптау, ой меншігі саласының мәселелерін зерттеу бойынша көтермелеу бағдарламаларын іске асыру қажетті ұйымдық мүмкіншіліктерді және құралдарды шоғырлау;

* Қазақстанды қазіргі заманғы әлемдік мәдениетке интеграциялауға бағытталған батыл және жаңашыл жобаларды іске асыру;

* Мәдени қазыналар нарығын жедел қалыптастыру жағдайында жаңа экономикалық (нарықтық) дүниетанымды қалыптастыру және оны әрі қарай дамыту мақсатымен оның айналасында ақпараттық өріс құру;

* мәдени мұраның объектілерін сақтау мәселелеріне мемлекеттік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару;

* ұлтаралық мәдениет байланыстарын өрістетуге, халық салттарын пайдалану және сақтау, халық кәсіптерін дамыту мен қолдау беруге аса назар қоя отырып, ұлттық-мәдени мұраны көбейтуге және сақтауға бағытталған қоғамның игілікті ынталары мен бастауларына заттай, рухани және құқықтық жағынан көмек көрсету;

* мәдениеттің материалдық базасын нығайту;

* жастардың әлеуметтік маңызы бар қабілеттеріне қолдау беру, олардың халықтың салттарын жандандыруға, тарих және мәдениет ескерткіштерін, ландшафтарын, саябақтарын және ескерткіш орындарын сақтау мен қорғауға, дарынды жастардың өнернамалық өсуіне, Қордың әрекетімен байланысты тиімді жобалар мен ниеттерін іске асыруға белсенді қатысуға шақыру;

2. Өтінің берушінің грант тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылып жатқан осыған ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйымның жекелеген қызметкерлері өздігінен өткізген немесе өзге ұйымдар арқылы жүзеге асырған жобалар мен қызмет түрлері ұйымның өзінің жұмыс тәжірибесі болып саналмайды).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе)	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
---	--	--	---	---

асырылу мерзімі		әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы		
2015 жылғы маусым-желтоқсан	«Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өкілдерін қазақстандық қоғаммен ақпараттық жұмыс жүргізу үшін жұмылдыру»	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті	Келісімшарт №38 2015 жылғы 18 маусым 4 963 600, 9 теңге	Жоба шеңберінде -Алматы қаласы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары қамтылды. Жобаға әлемнің 18 еліндегі қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. -20 кездесу өтіп, 1200 ден астам адам қамтылды. Жастар зиялы қауымнан тағылымы мол әңгімелер тыңдады.. -3 тақырыпта интернет сауалнама жүргізіліп, халық аталмыш тақырыптарда өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік алды. 300- ден астам адам сауалнамаларға қатысты. -БАҚ тарда Жоба жайлы, жоба қатысушылар жайлы 80-ге жуық жарияланымдар болып, миллиондаған адамдар сол арқылы Жоба мақсатынан, ұлттық құндылықтарымыз жайлы, шетелдегі қазақ диаспорасы өмірінен, тарихтан хабардар болды. -Жоба қорытындысы бойынша «Мәңгілік елмен еңсеміз биік» атты мақалалар жинағы шығарылды.
2015 жылғы сәуір-қараша	«Оралмандарды әлеуметтік қолдау орталығы»	Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы ММ	Келісімшарт № 61 2015 жылғы 10 сәуірдегі 2 680 000 теңге	Алматы қаласындағы оралмандар мәселесінің шиеленісіне жол берілмей, дер кезінде кеңестер беріліп, жол көрсетіліп, алдын алу жұмыстары жүргізілді. Мәдени-бұқаралық іс шаралар өткізіліп, оралмандар бос кездерінде мәдени шараларға тартылды
2016 жылғы тамыз-қараша	«ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін насихаттау»	Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы	Келісімшарт № 011240001 643/160133 /00 2016 жылғы 25 тамыздағы 200 000 теңге	Жаңашыл идеясы бар жастардың мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасалды, ЭКСПО байқауына қатысып, әлемдік сарапшыларға жаңашыл табыстарын көрсетуге мүмкіндік алды. -«Жаңашыл идеялардың» байқауы өткізіліп, оған 100-ге тарта еңбектер түсті. -іріктеліп алынған 45 жаңашыл идеялардың стендісі қойылып, көрме ұйымдастырылды. -Жоба барысында 50 адамнан еріктілер корпусы жасақталып, оқытылып, сертификаттар берілді. -2 әлеуметтік желіде «Алматылықтар ЭКСПО-ға» тақырыбында ақпараттық қауымдастықтар құрылды -ЭКСПО-2017 тақырыбында мемлекеттік және орыс тілдерінде бейне-ролик әзірленіп, 3 әлеуметтік желілерде жарияланды. -БАҚ-тарда 11 материал жарық көрді.

2016 жылғы тамыз-қараша	ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығы аясында тәуелсіздіктің, ынтымақтың құндылықтарын нығайту, мемлекеттілігіміздің құрылуы мен тарихи-мұрасын зерделеу мақсатында патриоттық тәрбие саласындағы ұйымдардың әлеуетін тарта отырып іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» қызметін көрсету	ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері және азаматтық қоғам комитеті	Келісімшарт №41 2016 жылғы 22 тамыздағы 3 425 000 теңге	-Қазақстан тарихының және қазақстандық мемлекеттіліктің құрылуының өзекті мәселелерін талқылау бойынша белгілі ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, депутаттар, сарапшылар, патриоттық және жастар ұйымдарының, ҰЕҰ, мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен түрлі форматтағы 15 іс-шаралар ұйымдастырылып, 1000-ға жуық адамды қамтыды. - патриоттық тәрбиелеу тақырыбында 2 бейнеролик әзірленіп (әрбір ролик мемлекеттік және орыс тілдерінде) БАҚ-да, әлеуметтік желілерде трансляцияланды; -іс-шаралар аясында «Тәуелсіз Қазақстанға - 25 жыл» атты 500 дана буклеттер шығарылып, іс-шараға қатысушылар арасында таратылды; -сарапшылардың 15 түрлі мақалалары баспа және электронды БАҚ-тарда, танымал Интернет-ресурстарында жарияланды; - Жоба нәтижесі бойынша Қазақстан Тәуелсіздігі, ұлттық құндылықтары, жеткен жетістіктері жайлы баяндайтын 50-ге жуық зиялы қауым өкілдерінің «Қуатты елдің құтты қадамдары» атты» мақалалар жинағы 500 дана тиражбен шығарылып таратылды.
2016 жылғы маусым-қараша	«Оралмандарды әлеуметтік қолдау орталығы»	Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы ММ	Келісімшарт № 61 2016 жылғы 22 маусымдағы 3 300 000 теңге	Алматы қаласындағы оралмандар мәселесінің шиеленісіне жол берілмей, дер кезінде кеңестер беріліп, жол көрсетіліп, алдын алу жұмыстары жүргізілді. Мәдени-бұқаралық іс шаралар өткізіліп, оралмандар бос кездерінде мәдени шараларға тартылды
2017 жылғы шілде-қараша	«Халықтың ұлттық-мәдени бірлігін сақтаудағы зиялылардың рөлі»	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Келісімшарт №66 2017 жылғы 21 шілдедегі 4000 000 теңге	Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау, әлемге танытуда іріктеу бойынша зиялы қауым өкілдерімен өткен 4 дөңгелек үстелде 250-ге жуық адам қатысып, өз ой-пікірлерін, ұсыныстарын білдірді; -Зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен жастар мен студенттер арасында 10-нан аса кездесулерде 1000-нан аса адам ұлттық құндылықтар, мәдени мұраларымыз жайлы білді 1000- даған жастар да зиялы қауымнан үлгі алып, тағылымды әңгімесін тыңдап, заманауи зиялылар қатарына қосылуға бет алды, «қазақ халқының ұлттық кодын» анықтауға, мәдени мұраларды ұлықтауға атсалысты; -Әлеуметтік желіде ашылатын «Заманауи қазақстандық мәдениет» атты қоғамдастыққа әлемнің әр түкпіріндегі 8000-нан аса адам атсалысып, пікірталастарға қосылып, өз ой-пікірлерін білдіріп, «қазақ халқының ұлттық

				<p>кодын» анықтауға, Мәдениетті насихаттаудың инновациялық үлгісін белгілеуге, туған жердің тұлғаларын, тарихи орындарын, жеке қолдардағы, шетелдердегі қазақ мұраларын анықтауға атсалысты;</p> <p>-Шетелдердегі қандастар да Қазақстанға қосатын үлестері жайлы айта алды;</p> <p>- «Туған жердің тұлғалары» атты бев-энциклопедия жинақталды;</p> <p>- «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері» атты веб-жинағы ашылды;</p> <p>- Мыңдаған ұрпақ өз елі туралы, өз елінің мәдени, тарихи мұралары жайлы біліп жүретін болды, мақтаныш етеді, шетелдіктер де Қазақстан жайлы мол мағлұмат алды,;</p> <p>-«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 60-тан астам ғалымдар, этнографтар, тарихшылар, әдебиетшілер қатысып, ой-пікірлерін білдіреді, ұрпаққа мұра болар ұлттық мұраларымызды екшеп, іріктеп, әлемге әйгілеу жолдарын қарастырды;</p> <p>-«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» атты конференция материалдарының жинағы 100 дана тиражбен шығарылды және электрондық нұсқасы әлеуметтік желілер мен веб-сайттарда таратылды.</p> <p>- Мәдени құндылықтар мен зияткерлік ақпаратқа қолжетімділіктің инновациялық нысандарын дамытуға үлес қосылды;</p> <p>- Қоғамда мәдениетті өмір салтын қалыптастыру идеологиясының қалыптасуына алғышарттар жасалды;</p> <p>- Жоба барысында іріктелген бәсекеге қабілетті отандық мәдени мұра қазақстандық жаңа отансүйгіштікті қалыптастыруға, ұлттық бірлікті нығайтуға және «еңбек адамы» бейнесін дамытуға үлес қосты.</p>
2017 жылғы шілде-қараша	«Оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша іс-шаралар»	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Келісімшарт №69 2017 жылғы 21 шілдедегі 2000 000 теңге	<p>Алматы қаласындағы оралмандар мәселесінің шиеленісіне жол берілмей, дер кезінде кеңестер беріліп, жол көрсетіліп, алдын алу жұмыстары жүргізілді. Мәдени-бұқаралық іс шаралар өткізіліп, оралмандар бос кездерінде мәдени шараларға тартылды.</p> <p>«Оралмандарды бейімдеу бойынша әлеуметтік қызметтерді тиімді көрсету мәселелері» тақырыбында тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттарының қатысуымен дөңгелек үстел өткізіліп, оралмандардың келелі мәселелері талқыланды, шешу жолдары көрсетілді.</p>

				<p>Қауырт желі телефоны ашылып, 200-ден астам оралмандарға кеңес берілді.</p> <p>Алматы қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» бөлімдерінде (15 бөлімде) 15000 дана латын, араб, кирилл әріптерімен парақшалар таратылды таратылды.</p> <p>Фейсбукте қоғадастық ашылды.</p> <p>«Шалқар» газетінде рубрика ашылды.</p> <p>Латын, кирилл, араб қарпімен 1000 дана Әдістемелік құрал шығарылып, тегін таратылды. Әлеуметтік желіде электрондық нұсқасы жарияланды.</p>
--	--	--	--	---

3. Өтініш берушінің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

Ұйымның әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға дайындығы баяндалады (техникалық-экономикалық көрсеткіштер).

ҮЕҰ – «Жанашыр» қоғамдық қоры 1997 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Азаматтық қоғам істері министрлігі, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының, Алматы қаласы Әкімдігі Ішкі саясат басқармасының тапсырыстары бойынша 40-қа жуық Жобаны жүзеге асырды.

Бұл Жобаны да жүзеге асыруға техникалық-экономикалық, кадрлық, қаржылық және басқа да әлеуеті жеткілікті.

4. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (жобаланған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға тартылатын қызметкерлер).

Жобалық топ мүшесінің (болған жағдайда) аты-жөні	Лауазымы	Қызметкердің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндетіне сәйкес жұмыс тәжірибесі, жобалардың атауы және оларды жүзеге асырудағы рөлін көрсете отырып	Жұмыс тәжірибесі	Әлеуметтік жобадағы міндеттері, жауапкершілігі
<p>Апетова Жаныл Амантаевна</p> <p>Жеке куәлік.</p> <p>№034432533</p> <p>Берілген 11.03.2013ж.</p>	<p>Президент,</p> <p>Жоғары білімді журналист</p>	<p>19 жыл</p> <p>2000 жылдан бері 40-қа жуық Жобаға жетекшілік еткен.</p> <p>Жобалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Мәдени мұра» бағдарламасының орындалу барысы; 2007ж. -«Үлгілі отбасы» байқауы жобасы, 2007ж. - Ұлттық құндылықтарды насихаттауда ҮЕҰ рөлі жобасы; 2008ж. - Қазақ халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін насихаттау, 2008ж. -Мәдениет пен өнерді дамыту мақсатында, этно-мәдени орталықтармен бірлесе отырып шаралар кешенін ұйымдастыру Жобасы, 2010ж. - ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Алматы қаласында білім алып жүрген шетел студенттері арасында қазақ халқының 	35 жыл	Жоба жетекшісі

		<p>тарихын, мәдениетін, дәстүрін және тілін насихаттау жұмыстарын жүргізу жобасы, 2011ж.</p> <p>-Алматы қаласының этномәдени орталықтар өкілдерінің діни экстремистік ойларды таратуына қарсы кешенді шаралар жүргізу жобасы, 2011ж.2012ж.</p> <p>-«Шетелде тұратын қазақ диаспорасының өкілдерін қазақстандық қоғаммен ақпараттық жұмыс жүргізу үшін жұмылдыру жобасы, 2015ж.</p> <p>-«ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін насихаттау» Жобасы, 2016ж.</p> <p>-«ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығы аясында тәуелсіздіктің, ынтымақтың құндылықтарын нығайту, мемлекеттілігіміздің құрылуы мен тарихи-мұрасын зерделеу мақсатында патриоттық тәрбие саласындағы ұйымдардың әлеуетін тарта отырып іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» жобасы, 2016ж.</p> <p>- «Халықтың ұлттық-мәдени бірлігін сақтаудағы зиялылардың рөлі» жобасы, 2017ж. және т.б.</p> <p>Еларалық «Шалқар» газетінің бас редакторы. Газет тақырыбы – әдебиет, мәдениет, тарих, этнография, әлемдегі қазақтар өмірі және т.б.</p> <p>ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігінің Ақпарат комитетінің Газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу конкурсы негізінде 2004-2012 жылдар аралығында «Халықтың бірлігі мен әлеуметтік оптимизмін күшейту факторы ретінде Қазақстанның тарихи-мәдени құндылықтарын дәріптеу материалдарын қазақ тілінде дайындау және жариялау», «Қазақстан мен шетелдік елдердің саяси, экономикалық, мәдени өмірі жайлы, сонымен қатар ҚР шетелдік елдермен ынтымақтастығы мен көші-қон саясатын ақпараттық қолдау мәселелері» тақырыбында мемлекеттік тапсырыс бойынша оралмандар мен шетелдердегі қандастарға арнап еларалық «Шалқар» газетін шығарып отырды. 2007 жылы ҚР Президенті Н. Назарбаев «...Ұлттық тарих пен мәдениетті танытуға және шетелдегі отандастарымызға арналған Қазақстан Республикасының бүгінгі дамуына байланысты мақалалары үшін» Алғыс жариялады.</p>		
--	--	--	--	--

<p>Тебегенов Темирхан Жеке куәлік.№009709913 ҚР ІІМ 07.12.1998 ж. берген</p>	<p>Жоғары білімді әдебиетші. Филология ғылымдарының докторы, профессор</p>	<p>Проф. Т. С. Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, 7 магистрлік диссертациялар қорғалған. Жарияланған кітаптары – 15: монография – 5, оқу құралдары – 10. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шетел әдебиеттері тарихы» пәндерінен лекциялар оқиды. Жарияланған еңбектерінің жалпы саны – 500-ден асқан; олардың ішінде 15-тен аса мақала шетелдерде жарияланған. 2003-2005 жж. ҚР БҒМ Жоғары Аттестациялық Комитетінің филология және өнертану сараптау комиссиясының қазылары мүшесі болды. 2006-2011 жж. айтыс ақындары сайыстарын бағалайтын «Қазақстан» телеарнасындағы «Аламан айтыс» телешоу, «Хабар» телеарнасындағы «Жастар жырлайды» бағдарламалары сараптау комиссиясының, Республикалық ақындар айтыстары, жыршы-термешілер конкурсы қазылары құрамында сарапшылық жасап келеді. Т.С.Тебегенов ғылыми-педагогикалық Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі «Ай-Ару», «Сүлейман Демірел университеті Хабаршысы», «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», әдеби-танымдық «Тұрмағамбет» «Әлімсақ», «Дәстүр» журналдары редакция алқаларының мүшесі, «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының (2009-2010 жж.), «Жамбыл әлемі» газетінің (2016 ж.) Бас редакторы. Жобаларға қатысу тәжірибесі -5 жыл</p>	<p>47 жыл</p>	<p>Сарапшы маман</p>
<p>Бопай Болат Жеке куәлік.№041257499 ҚР ІІМ 22.02.2017 ж. берген</p>	<p>Жоғары білімді әдебиетші. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып академиясының академигі</p>	<p>1994 жылдан бері қазақтың этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеуші. Өзақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жайлы 10 ға жуық кітаптың авторы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 5 жыл</p>	<p>25 жыл</p>	<p>Сарапшы маман</p>
<p>Сатершинов Бақытжан Жеке куәлік.№035759469 ҚР ІІМ 23.12.2013 ж. берген</p>	<p>Жоғары білімді философ. Философия ғылымдары</p>	<p>3 жеке монографияның, 10 ұжымдық монографиялар мен оқулықтар авторы, 150 ғылыми-сараптамалық мақалалары (оның 10 -ы шетелдік басылымдарда) жарияланған. 3 ғылым кандидатын, 1 PhD докторын дайындаған.100-ден аса конференциялар,</p>	<p>25 жыл</p>	<p>Сарапшы маман</p>

	ның докторы, профессор	симпозиумдар, жиналыстарда баяндама жасаған. «Al-Farabi.kz» ғылыми танымдық журналы бас редакторының орынбасары, Қазақстан дінтанушылар Конгресі ҚБ төрағасы; Жобаларға қатысу тәжірибесі 5 жыл		
Катран Досымбек Жеке куәлік.№019544799 ҚР ӘМ 08.06.2011ж. берген	Жоғары білімді тарихшы. Тарих ғылымдарының кандидаты	1 монография, 3 оқу құралы, 2 ғылыми жинақ, 2 ғылыми каталог авторы; Бес томдық этнографиялық энциклопедия, 2011-2014 жж. (авторлармен бірге); 60-тан астам қазақ мәдениеті, тарихы мен этнографиясына қатысты ғылыми мақалалары отандық және Ресей, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан сияқты т.б. елдердің ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялары, конгресс, форум, семинарларының жинақтарында, ғылыми журналдарында жарық көрді; «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» медалі және «Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын» өткізуге белсене қатысқаны үшін ЮНЕСКО-ның алғыс хаты сияқты т.б. марапаттар иегері. Жобаларға қатысу тәжірибесі 7 жыл	28 жыл	Сарапшы маман
Амантайқызы Жазира Жеке куәлік.№019545607 Берілген 23.05.2006ж.	Жоғары Журналист, финансист	«Жанашыр» қоғамдық қорының барлық Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 12 жыл	15 жыл	Қоғаммен байланыс менеджері
Сембинова Әдемі Жеке куәлік.№ 038531827 Берілген 02.09.2015ж. ҚР ІМ	Жоғары Әлеуметтану магистрі	«Жанашыр» қоғамдық қорының Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 5 жыл	10 жыл	әлеуметтанушы
Аткенова Айгүл Жеке куәлік.№№02134780 3 ҚР ӘМ 04.09.2007ж. берген.,	Жоғары Компьютер дизайнері	«Жанашыр» қоғамдық қорының барлық Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 12 жыл	15 жыл	Жоба менеджері
Тұрлыбекова Айгүл Жеке куәлік.№№03027602 9 ҚР ӘМ 07.07.2010ж. берген	Жоғары заңгер	«Жанашыр» қоғамдық қорының Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 4 жыл	11 жыл	Жоба менеджері
Игисин Лаззат .№ 038531827 Берілген 02.09.2015ж. ҚР ІМ	Жоғары филолог	«Жанашыр» қоғамдық қорының барлық Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 8 жыл	30 жыл	Жоба менеджері

Ағайса Елена Жеке куәлік.№019544799 ҚР ӘМ 30.05.2006ж. берген	Жоғары Филолог кітапханашы	«Жанашыр» қоғамдық қорының Жобаларына қатысушы. Жобаларға қатысу тәжірибесі 8 жыл	37 жыл	Жоба менеджері
Мекембайұлы Еркебұлан Жеке куәлік.№035244203 Берілген 04.09.2013ж. ҚР ПМ	заңгер	Әлеуметтік Жобаларда тәжірибесі 4 жыл, үйлестіруші ретінде 3 жыл. Заңгер	5 жыл	Жоба менеджері
Рапилов Жанат, Жеке куәлік.№ 040658221 Берілген 06.09.2016 ж. ҚР ПМ берген.	Есепші	Әлеуметтік тапсырыс Жобаларында жұмыс істеу тәжірибесі 5жыл, есепші –экономист	10	есепші
Қаталбай Кулсара Мырзахметқызы Жеке куәлік.№ 0227450077 Берілген 06.09.2016 ж. ҚР ӘМ берген Жсн 620906401960	филолог	Әлеуметтік тапсырыс Жобаларында жұмыс істеу тәжірибесі 8 жыл, филолог	25	үйлестіруші

5. Үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі (жергілікті атқарушы органдардың Жоспарында көзделген грант тақырыбына өтінім берілген жағдайда толтырылады).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуы жоспарланған өңірдегі жұмыс тәжірибесін сипаттаңыз.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
----	----	----	----	----

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету жөніндегі ғылыми-ағартушылық жобаны әзірлеуге және іске асыруға ҰЕҰ, сараптамалық қауымдастықты тарту

Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны

1. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.

Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бірінші кезеңін іске асырудың оң қорытындыларын бұқаралық санада бекіту. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жаңа мазмұны мен бағыттарын түсіндіру. Ақпараттық кеңістікте «Қазақстан - әлеуметтік мемлекет» идеясын ілгерілету.
Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның міндеттері	<p>Ағартушылық жобаның міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру және ағарту жұмыстарын қалыптастыру; • "Рухани жаңғыру" бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша республикалық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейту; • азаматтық қоғам институттарын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұны мен Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету процесіне тарту; • жаңа мессенджерді тарату үшін республикалық және өңірлік деңгейлерде ақпараттық-коммуникативтік алаңдар құру.
Ұсынылатын іс-шаралар	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру және ағарту жұмыстарын қалыптастыру бойынша зиялы қауым, тарихшылар, әдебиетшілер, этнографтар, археологтар, ҰЕҰ, шығармашылық ұйымдар мен этно-мәдени орталықтар өкілдерінен арнайы топ жасақтау; Алматы қаласы. 2. Қазақстандағы әртүрлі этностық топтар өкілдерінің қазақтардың тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, діні, рухани орталықтары, философиясы, әдебиеті, өнері, тұрмысы және ой-санасы туралы неғұрлым толық білім алу жүйесін қалыптастыру мақсатында Алматы қаласының Достық үйінде әр түрлі тақырыпта «Қазақтану» лекторийін ұйымдастыру; 5 рет. Алматы қаласы. 3. «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп, Алматы қаласының мектептерінде «Ұлы дала тарихы – ұрпаққа аманат» атты 10 кездесу өткізу; Алматы қаласы. 4. Қазақ мәдениетін, тарихын, философиясын, салт-дәстүрін және т.б. қазақ халқының құндылықтарын барлық қазақстандық этностар арасында дәріптеу мақсатында « Менің –Қазақстаным!» тақырыбында «Ғажайыптар алаңы» - «Поле чудес» танымдық ойынын ұйымдастыру. 5 рет. Алматы қаласы.

5. Қазақстан Жазушылары кітапханасында «Book Dating» жобасын іске асыру (сүйікті кітаптарды әйгілі тұлғалардың таныстыруы мақсатында «Кітап-біздің досымыз» атты кездесулер сериясын өткізу. **8 рет. Алматы қаласы.**
6. «Буккроссинг» акциясын өткізу. Кітапхана мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, оқу мәдениетін арттыру мақсатында Алматы кітапханалар желісінде «Келіңіздер, кітап алмастырайық!» ұранымен «Буккроссинг» акциясын өткізу. **8 рет. Алматы қаласы.**
7. «Талантты таныту» айдарымен ҚР бойынша әдебиет саласындағы таланттарды таныстыру кешін өткізу. **8 рет. Республика бойынша.**
8. «Сандық Қазақстан - болашаққа көзқарас» айдарымен жастар арасында цифрлық жаңалықтарды таныстыру және жастардың инновациялық жобаларын қолдау мақсатында кездесулер ұйымдастыру. **8 рет. Алматы қаласы.**
9. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін қазақстандық этностардың білу деңгейін бағалау бойынша викториналық ойындар: **8 рет.**
- Қазақ халқының салт-дәстүрлері;
 - Қазақ халқының тағамдары;
 - Қазақ халқының әдебиеті;
 - Қазақ халқының тарихы;
 - Қазақ халқының ән-күйі, ұлттық аспаптары;
 - Қазақ халқының тұрмыстық заттары;
 - Қазақ халқының киім үлгілері;
 - Қазақ халқының ұлттық аспаптары;
- Алматы қаласы.**
10. Өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғам институттарын тарта отырып жергілікті жерлерде “Ауыл – ел бесігі” жобасы арқылы ауылдық кітапханаларда буккроссинг ашу және оның мән-мағынасын түсіндіру, жұмысын ұйымдастыру. **6 кітапхана**
- Қызылорда облысы
Алматы облысы**
11. Өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғам институттарын тарта отырып жергілікті жерлерде “Ауыл – ел бесігі” жобасы арқылы ауылдық жастардың әртүрлі мақсатты топтардың арасында шығармашылық потенциалды қолдауға және дамытуға, бос уақытты ұйымдастыруға, ағартушылық, ақпараттық және білімдік жұмыстарға бағытталған жастар орталықтарын ұйымдастырып, жұмысын жолға қою бойынша жиын өткізу. **6 орталық.**
- Қызылорда облысы
Алматы облысы**
12. Өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғам институттарын тарта отырып жергілікті жерлерде “Ауыл – ел бесігі” жобасы арқылы «Билер алқасы», «Аталар алқасы», «Әжелер алқасын» ұйымдастырып, жұмысын қалыптастыру. **6 жерде**
- Қызылорда облысы
Алматы облысы**
13. Әлеуметтік желілерде аталардың «Батаменен ел көгерер» байқауын ұйымдастыру.(бейне-конкурс);

	<p>Республика бойынша</p> <p>14. Әлеуметтік желілерде қазақ қыздарының «Құралай көз, қолаң шаш» фото байқауын ұйымдастыру.</p> <p style="text-align: right;">Республика бойынша</p> <p>15. Әлеуметтік желілерде «Туған жер» («Родная земля») фото және бейне-конкурстарын өткізу; Республика бойынша</p> <p>16. Мектептерде «Ұлы дала өнері» атты көрмелер ұйымдастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> • сурет көрмесі; • фото көрме; • қолөнер көрмесі; <p style="text-align: center;">Алматы қаласы. 10 мектепте.</p> <p>17. Іс-шаралар кезінде тарататын қазақ халқының құндылықтары жайлы кітапша шығару. 1000 дана.</p>
Аумақтық қамтылуы	<p>Қазақстан Республикасының 3 өңірі: 1) Алматы қаласы, 3) Қызылорда облысы, 4) Алматы облысы</p>
Мақсатты топтар	<p>ҮЕҰ, сараптамалық қауымдастықтар, Қазақстандағы этностық топтар өкілдері, зиялы қауым, жастар, студенттер, оқушылар және ауыл тұрғындары</p>
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бірінші кезеңін іске асырудың он қорытындыларын бұқаралық санада бекітіледі; • Азаматтарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жаңа мазмұны мен бағыттарын түсіндіріледі; • «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру және ағарту жұмыстары қалыптастырылады; • "Рухани жаңғыру" бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша республикалық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы күшейтіледі; • азаматтық қоғам институттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұны мен Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету процесіне тартылады; • жаңа мессенджерді тарату үшін республикалық және өңірлік деңгейлерде ақпараттық-коммуникативтік алаңдар құрылады; • әртүрлі этностық топтар өкілдерінің қазақтардың тарихы, дәстүрлері мәдениеті, діні, рухани орталықтары, философиясы, әдебиеті, өнері, тұрмысы және ой-санасы туралы неғұрлым толық білім алу жүйесі қалыптастырылады; • жастар қазақ халқының құндылықтарын тарату, ену және қабылдау процесіне белсенді тартылады; • Қоғам санасында Болашағы біртұтас ұлттың жаңа түсініктері мен базалық тұжырымдары қалыптасатын болады: жалпыға ортақ мәдениет пен прогресс жолындағы ұлт; зияткер ұлт; еңбек және кәсіпқойлар ұлты; инновациялық ұлт; саламатты өмір салтын ұстанатын ұлт. • Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, қоғамдық келісімді нығайту және дамыту саласындағы қызметі үйлестіріліп, жаңғыртылады;

	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа қазақстандық патриотизм, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаттары негізінде білім беру және жастар саясаты саласындағы жұмыстарға үлес қосылады; • Қоғамдық келісімді, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті одан әрі нығайту, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына табысты қосылуы үшін болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыруға үлес қосу Жобаны іске асырудың басты нәтижесі болады.
--	---

2. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырудың негіздемесі.

<p>Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бағытталған мәселелер бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы</p>	<p>Біз жоқтан пайда болған ел емеспіз. Біз үш мың ғасырға созылған Ұлы көшпенділер мәдениетінің тікелей осындағы өкіліміз, Түрік империяларының ұрпағы болып саналамыз.</p> <p>Ұлы Жібек жолы – біздің кең-байтақ жерімізден өтіп, дүниежүзін байланыстырған әлемдегі өркениеттердің қалыптасуына айрықша үлес қосқан жол еді. Елбасы тарихи сананы қайта жаңғырту жөніндегі пікірін айта келе, нақты жобаларды ойластыруға идея тастады. «Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады» деген сенімі баршамызға жауапкершілік жүктеді.</p> <p>Бұл шынында да ұлт үшін өте маңызды. Халық өзінің төл жетістіктерімен мақтана алуымен рухтанады.</p> <p>Үлгіге жапон елін алуға болады. Сарапшылардың айтуынша, «Күншығыс елі» 1868–1912 жылдар аралығында «Мейдзи дәуірін» бастан кешкен екен. Ұзақ ғасырлар бойы өз аралдарында қамалып, жаһан жұртшылығынан жабық жатқан жапондар осы дәуірде, яғни кейін Жапонияны ұлы державаға айналдырған император Муцухито тұсында өзіндік оқшауланудан бас тартып, әлемге ашылды. Мәдениеттанушылардың куәлік етуінше, сонда оларға батыс мәдениеті қатты әсер етіп, жапондардың көбі өз мәдениетін менсінбей, төл құндылықтарын тәрк ете бастайды. Жапон қоғамы сол тұста «тек батыс мәдениеті ғана елді алға оздырады» деп санайды.</p> <p>Дәл осы кезде халықтың бағына орай бір италиялық ойшыл «Күншығыс елін» терең зерттеуге кіріседі, жапондардың салт-дәстүрлеріне жіті зер салып, «жапондардың шәй ішу дәстүрі», «табиғатқа табыну дәстүрі», «бабалар аруағын ұлықтау дәстүрі» секілді дәстүр-құндылықтарын батысқа дәріптейді. Ақыры Еуропаны елең еткізген төл құндылықтарына деген мақтаныш сезімі оянған жапондар құлдық санаға апарар құрдымнан құтылған. Осылайша, бүгінде жапондар өздерінің қалпын сақтап қалғандары үшін еуропалық зиялыға риза.</p> <p>«Күншығыс елі» өз жетістіктерін, мәдениеті мен өнерін паш ету үшін Еуропа және АҚШ-тағы саналуан дүниежүзілік көрмелерге белсенді қатысқан, нәтижесінде еуропалықтар жапон халқы ұсынған шығыстық экзотикаға елікті. Жапония сөйтіп, еуропалық мәдениетке, әсіресе, «арт нувоға» қатты әсер етті (фр. art nouveau, «жаңа өнер», оны «модерн» деп те атайды, бұл ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында ең кең таралған декоративтік-қолданбалы, сәулет және бейнелеу өнерінің көркем бағыты). Қазіргі кезде де Батыста жапон мәдениетіне деген қызығушылық зор.</p> <p>Жер-жаһанды аузына қаратқан жапондар дәстүрлі дүниетанымын заман талабымен ұштастырды...</p> <p>Қазақ жері – алтын адамдар өмір сүрген өңір! Бүкіл әлемдік қоғамдастықты таң-тамаша қалдырған, баршасын қызыға да қызғана қаратқан, бірақ тылсым сырларын адамзатқа әлі ашпаған «Алтын адам» бүкіл дүниежүзінде тек Қазақстанда ғана табылды! Және біреу емес, олардың саны бірнешеу болғаны анықталуда. Алтын адамдардың белгілері табылған сайын, жаһан жұртшылығы жалт қарап, құлағын түріп, қазақ жерінің «алтын адамдар мекені» екендігін мойындай түсуде.</p>
---	--

Ғибратты ғұмырын дәріптеп қана қоймай, айдай әлемге жар салып, мақтан тұтарлық тұлғаларымыз да жетерлік. Аспан астын билеген Күлтегіннен бастап, адамзаттың екінші ұстазы болған әл-Фараби, тұтас түркі әлемінің ғұламасы – Яссауи, Мысырға әмірін жүргізіп, әлемдік қақтығысқа тосқауыл болған Бейбарыс сұлтан сияқты ұлы есімдерімізді ұлықтау жаһанның бізді тағы бір қырымыздан тануына жол ашады. Сонымен бірге, мұндай тың бастамалардың түркі әлемін одан әрі біріктіре түсетін тиімді тетік екенін де атап өткен жөн.

Ең бастысы, біз, Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі халық, өзіміздің адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан өр тұлғалардың ұрпағы екенімізді және мәңгілік дамуға тың серпін берген мәдениеттің мұрагері екенімізді сезіне білуіміз керек.

Қазіргі ұрпақ өркениеттің бастауы, мәдениеттің мәйегі болған Ұлы даланы ен жайлаған, мыңғыртып мал айдаған, мәрттігі мен уәдесінен таймаған, алты Алаш ханын сайлаған, шаршы топқа түскенде, шешен болып сайраған, қылышын тасқа қайраған, найзасына үкі байлаған ұлы бабалардың ұрпағы екенін ұмытпағаны жөн.

Бұл ұмытылса, тарихи жад өшсе, келер ұрпақ «өзінде бармен көзге ұра» (Абай) алмайтын мүшкіл халге жетіп, өзгеге табынып, тамсанумен өтпек.

Біз әлемдік мәдениеттен де қалыспауымыз керек, өз дәстүрімізді бек ұлықтауымыз керек. Тек тіл ғана емес, ұлттың рухы, оның қайталанбас, дара мәдениеті, терең тарихи жады мен рухани болмысы жойылған күні ұлт та жойылады.

«Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр». Мемлекет басшысының осы сөзі қай қазақтың болса да үнемі қаперінде тұруы тиіс.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихының ішкі тереңдігіне қайта оралуды талап етіп отыр. Мемлекетті құраушы ұлт – қазақ халқының даналығы бүкіл жұртшылықты байланыстырушы алтын көпір.

Шын мәнінде, қазақ елінің тарихын, болмыс-бітімін, дәстүр-салты мен ұлттық мінезін, тілін біліп, бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдері қазақ төңірегінде біріксе – тұрақтылықтың кепілі сол. Қазіргі уақытта ұлттық кодымызды, қазақ екенімізді білдіретін ерекшеліктерімізді жас ұрпақтың бойына сіндіру ісін бірлі-жарым азаматқа, болмаса тек ата-аналарға тапсыра аламыз ба? Бұл – кешенді шара. Сондықтан, білім беру мекемелерінің бәрінде, балабақша, мектеп, колледж, ЖОО-лары, этномәдени орталықтарда кешенді түрде «Рухани жаңғыру» орталықтарымен бірлесіп, ай сайын әртүрлі тағылымды шаралар ұйымдастырылса, ұлтымыз үшін ұтымды болары сөзсіз. Осылайша, әртүрлі этностық топтар өкілдерінің қазақтардың тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, діні, рухани орталықтары, философиясы, әдебиеті, өнері, тұрмысы және ой-санасы туралы неғұрлым толық білім алу жүйесін қалыптастыруымыз және жастарды қазақ халқының құндылықтарын тарату, ену және қабылдау процесіне белсенді тартамыз. Елбасы көп ұлтты халқымыздың бірлігіне баса мән беріп отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылғандай, бірлігі мықты елдің рухы күшті болатындығын атап көрсетті. Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміз халқымыздың заманға сай лайықты өмір сүруіне мүмкіндіктер туғызды. Халықтың тұрмыс-жағдайын көтеру жөніндегі Елбасының ұсыныстары бес

	<p>әлеуметтік бастамасы арқылы жүзеге асуда. Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғаны туралы жариялады. Мұндағы алға қойылған мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған жаңғыру процесінің нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін,- деген болатын. Бүгінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бірінші кезеңін іске асырудың оң қорытындыларын ұялмай айтуымызға болады. Ендігі жерде "Рухани жаңғыру" бағдарламасының негізгі қағидаттарын, оның жаңа мазмұнын және Президенттің бес әлеуметтік бастамаларын ілгерілету бойынша республикалық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейту, азаматтық қоғам институттарын осы үдерістерге тарту, ақпараттық-коммуникативтік алаңдар құру міндеттері тұр. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуі – еліміздегі әр сала бойынша талдау жасалынып, проблеманың шешілуіне, дамуына жол ашатын – үлкен әлеуметтік жоба. Еліміздегі зиялы қауым өкілдері оқып, танысып, «Әлемді дағдарыс жайлаған кезеңде елге әлеуметтік жобаларды ұсынып, жүзеге асыру, дамыған мемлекеттің ғана қолынан келеді. Бұл – Елбасының теңдессіз бастамасы» деп баға берді. Өте орынды, еліміздің егемендігін нығайтып, дамудың жаңа мүмкіндіктеріне көшкен шақта, Елбасы ұсынған бастама ел дамуына оң серпін беретіні сөзсіз. Елбасы Үндеуінде көрсетілген әр бастаманың әрқайсысы, негізгі тақырыптар, халықтың сұранысы бар, адам өмір сүру деңгейін арттыруға және халықтың әл-ауқатын жоғарылатуға арналған.</p> <p>Ұсынылып отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету жөніндегі ғылыми-ағартушылық жобаны әзірлеуге және іске асыруға ҰЕҰ, сараптамалық қауымдастықты тарту» жобасы арқылы да «Президенттің бес әлеуметтік бастамасына» үлкен үлес қосылары сөзсіз. Бұл шынында да ұлт үшін өте маңызды. Халық өзінің төл жетістіктерімен мақтана алуымен рухтанады.</p> <p>Мемлекеттік қолдау бар жерде қолдан келген істі жүйелі атқарып тарихымызды түлетуге, қайта жаңғыртуға, бүгінгі ұрпаққа қазақ деген атауды иеленген халықтың қалай өмірге келгенін жеткізу жолында жанкештілікпен еңбек ету міндеттері тұр. Ал оған атсалысу «мен қазақпын» дейтін әр азаматтың міндеті.</p>
<p>Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, соның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме</p>	<p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасының алғашқы кезеңінде мынадай оң нәтижелерге қол жеткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиі бекітілді. - ҚР Үкіметінің жанындағы Қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. <p>«Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» жобасы шеңберінде «Ұлттық аударма бюросы» коммерциялық емес қор құрылып, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық білім саласындағы әлемнің 17 үздік оқулығы мемлекеттік тілге аударылды және цифрландырылды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасы шеңберінде жалпыхалықтық онлайн дауыс беру 102 жеңімпазды анықтады. Дауыс беруге барлығы 340 мың қазақстандық қатысып, өз фавориттеріне 1 млн. 376 мың дауыс берді. 2017 жылғы 1 желтоқсанда Мемлекет басшысының Жобаға қатысушылармен кездесуі өткізілді.

- «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы шеңберінде Жалпыұлттық және жергілікті киелі орындарды іріктеу және жүйелендіру жөніндегі ғылыми-сараптамалық кеңес құрылды; Жалпыұлттық және өңірлік маңызға ие нысандардың тізімі әзірленді; жалпыұлттық маңызға ие киелі нысандар бойынша 3d турлы Киелі нысандардың виртуалдық картасы әзірленді.

- «Туған жер» жобасы шеңберінде жалпы республика бойынша 700-ден астам жоба іске асырылды; меценаттар есебінен 51 млрд. теңгеден астам демеушілік көмек алынды; 735 нысан абаттандырылды және қалпына келтірілді. «Туған жер» жобасы бойынша жалпы 1438 нысан пайдалануға берілді.

- «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде жасалған қазақстандық мәдениет туындылары жинақталып, жүйелендірілді.

2017 жылы Париждегі UNESCO штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының таныстырылымы болып өтті. Таныстырылым шеңберінде шетелдік аудиторияға қазақстандық мәдениеттің түрлі бағыттарын айшықтайтын әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Отандық театрлардың, музейлердің және музыкалық ұжымдардың қатысуымен жалпы 20 шақты шетелдік гастрольдер, көрмелер және басқа да мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

Халықаралық және театр фестивальдері мен орындаушылық өнер фестивалдарының 27 дирекциясымен келіссөздер өтті. Қазақстандық мемлекеттік театрлардың халықаралық фестивалдарға қатысу кестесі жасалды.

Отандық кинематографты дәріптеу мақсатында АҚШ пен Италияда Қазақстан киносы күндері өткізіліп, 7 кинокартина көрсетілді.

Үздік қазақстандық музыкалық туындыларға цифрлы форматтағы қолжетімдікті қамтамасыз ететін Dalatunes – интернет-ресурс жобасы іске асырылды. 2017 жылдың ішінде 13 мың музыкалық туынды, 1,2 мың нота және 1,7 мың аккорд жүктелген.

Жаңа талантты авторлар мен туындыларды айқындауды көздейтін Бірінші «Рух» халықаралық әдеби конкурсы ұйымдастырылды.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде музей қорларын цифрландыру жұмысы белсенді жүргізілуде.

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде 13 700 сақтау бірлігі цифрландырылды. ҚР Орталық мемлекеттік музейінде 39 602 бірлік цифрландырылды.

Қостанай облысында экспонаттардың 24,5%, Ақтөбе облысында – 23%, Атырау облысында – 20%, Қарағанды облысында – 19%, Ақмола облысында – 18%, Маңғыстау облысында – 14,8% цифрлы форматқа көшірілді.

Жалпы арнайы жобаларды іске асыру шеңберінде ғылыми-сараптамалық қоғамдастықпен және жоғары оқу орындары өкілдерімен жұмыс ұйымдастырылды. Барлық өңірлерде жетекші жоғары оқу орындары базасында танымал ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Сараптамалық кеңестер жұмыс істейді. 2017 жылы жоғары оқу орындары 99 ғылыми экспедиция ұйымдастырып, жұмыс қорытындылары бойынша 264 мақала жарияланды.

32 жоғары оқу орнында Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы тақырыбы бойынша элективтік курстар енгізілді. Аталған курстарды оқитын студенттердің саны шамамен 45 мың адам. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тақырыбы бойынша 292 шығармашылық және ғылыми жоба іске асырылды.

	<p>Жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары рухани жаңғырудың түрлі аспектілері бойынша 1115 диплом жұмыстары мен магистрлік диссертациялар дайындады.</p> <p>Осы Бағдарлама шеңберінде «Жанашыр» қоры да бірнеше Жобаны жүзеге асырды. Нәтижесінде, 100 ге тарта іс-шаралар жүзеге асырылып, рухани жаңғыруға үлес қосылды.</p>
<p>Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау)</p>	<p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихының ішкі тереңдігіне қайта оралуды талап етіп отыр. Мемлекетті құраушы ұлт – қазақ халқының даналығы бүкіл жұртшылықты байланыстырушы алтын көпір.</p> <p>Шын мәнінде, қазақ елінің тарихын, болмыс-бітімін, дәстүр-салты мен ұлттық мінезін, тілін біліп, бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдері қазақ төңірегінде біріксе – тұрақтылықтың кепілі сол. Қазіргі уақытта ұлттық кодымызды, қазақ екенімізді білдіретін ерекшеліктерімізді жас ұрпақтың бойына сіндіру ісін бірлі-жарым азаматқа, болмаса тек ата-аналарға тапсыра аламыз ба? Бұл – кешенді шара. Сондықтан, білім беру мекемелерінің бәрінде, балабақша, мектеп, колледж, ЖОО-лары, этномәдени орталықтарда кешенді түрде «Рухани жаңғыру» орталықтарымен бірлесіп, әр тоқсан сайын тәрбие сағаты, басқа да тағылымды шаралар ұйымдастырылса, ұлтымыз үшін ұтымды болар сөзсіз. Осылайша, әртүрлі этностық топтар өкілдерінің қазақтардың тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, діні, рухани орталықтары, философиясы, әдебиеті, өнері, тұрмысы және ой-санасы туралы неғұрлым толық білім алу жүйесін қалыптастыруымыз және жастарды қазақ халқының құндылықтарын тарату, ену және қабылдау процесіне белсенді тартуымыз қажет.</p> <p>Қазақ даласы қашаннан-ақ телегей-теңіз тарихымен, ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерімен және құнды деректерімен үнемі зерттеушілердің назарын аударумен, қызықтырумен келеді. Ендігі мәселе – соларды танып-біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйрену болып тұр.</p>

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын кімдер).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады.

Мақсатты топ	Саны	Жасы	Мақсатты топтың алатын пайдасы
